24 ҚАРАША,
2026 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№130 (23 744)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Интернеттің игілігі баршаға ортақ

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» интернет бүгінде күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, шалғай елдімекендер үшін сапалы байланыс – ақпарат алудың ғана емес, білімге, медициналық кеңеске және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің маңызды құралы. Дегенмен, ауыл мен қала арасындағы цифрлық мүмкіндіктердің айырмашылығы әлі де сезіледі. Осы алшақтықты азайтуға бағытталған «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының өңірде жүзеге асырылу барысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында қаралды.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026 AI



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында облыстың цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкий атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

– Ұлттық жоба аясында облыстың 133 ауылдық елдімекеніне жалпы ұзындығы 2500 шақырымнан асатын талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту көзделген. Бұл ауылдық жерлерде тұратын 39 мыңға жуық адамның интернетке қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Жұмыстар биыл және келесі жылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, – деді Константин Ильницкий.

Ауқымды жобаның бас мердігері болып «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы белгіленген. Ал, құрылыс-монтаж жұмыстарын Silk Net Road компаниясы атқаруда. Қазір облыс аумағында бес монтаждау бригадасы қатар жұмыс істеп жатыр. Бүгінге дейін жеті ауданның 55 елдімекенінде құрылыс басталған. Атап айтқанда, Шет ауданында – 18, Қарқаралыда – 14, Абай ауданында – 8, Ақтоғай мен Нұрада – 6 ауылдан, Осакаров ауданында – 2, Бұқар жырау ауданында бір елдімекен қамтылған.

Желіні жүргізу бірнеше технологиялық кезеңнен тұрады. Бүгінде 19 ауылда кабель тартуға арналған микротүтіктер төселіп, тағы 20 елдімекенде осы жұмыстар жалғасуда. Он бес ауылда талшықты-оптикалық кабельді арнайы түтік арқылы өткізу жұмыстары жүргізілсе, Шұбаркөлде желі тарту аяқталып, оны жалғау құрылғылары орнатылып жатыр. Бекітілген кестеге сәйкес, биыл 79 елдімекенді, ал, келер жылы қалған 54 ауылды интернет желісіне қосу жоспарланған.

– Ұлттық жобаның келесі бағыты – мобильді байланыстың қамту аясын кеңейту. Осы мақсатта өңірде 14 антенна-мачталық құрылыс орнату көзделген. Жаңа нысандар арқылы шамамен 15 мың тұрғынды байланыспен қамту жоспарланып отыр. Жобаның бас мердігері – «Транстелеком» акционерлік қоғамы. Бүгінде Бұқар жырау ауданындағы Ақтөбе және Белағаш елдімекендерінде екі нысанның құрылысы аяқталды. Тағы сегіз нысанда жұмыс басталып, төртеуінің құрылысы алдағы кезеңге белгіленген. Жоспар бойынша барлық 14 нысан жыл соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс, – деді басқарма басшысы.

Әзірге жаңадан салынатын байланыс нысандары Beeline операторының желісін қамтамасыз етуге бейімделген. Ал, келесі жылы Tele2 және Kcell операторларын да тарту жоспарланған. Жобадағы тағы бір маңызды міндет – «соңғы шақырым» инфрақұрылымын дамыту. Яғни, интернет магистральдық желісін елдімекенге жеткізумен шектелмей, оны тұтынушыларға дейін таратуға жағдай жасау. Бұл бағыттағы субсидиялау тетігі арқылы облыстың 43 ауылын қамту көзделіп отыр.

Қазір соның тоғызында монтаждау жұмыстары жүріп жатыр. Олардың алтауы Қарқаралы ауданындағы Аппаз, Бақты, Бүркітті, Жарлы, Қарабұлақ және Қаракөл ауылдары болса, үшеуі Нұра ауданындағы Ахмет, К.Мыңбаев және Көбетей елдімекендері. Тағы 18 ауылда тиісті жұмыстар келесі жылға жоспарланған.

Ал, тұрғындары аз әрі шалғай орналасқан елдімекендер үшін спутниктік технологиялардың мүмкіндігі пайдаланылуда. Қазіргі таңда облыстың 56 шағын ауылында осы тәсіл арқылы интернетке қосылу ұйымдастырылған. Оның ішінде KazSat-3 және OneWeb спутниктік байланыс жүйелері қолданылып отыр. Сонымен қатар, өңірдегі 105 мемлекеттік мекеме спутниктік интернетпен қамтамасыз етілген.

Жиын соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сапалы интернетпен қамтамасыз ету мәселесіне қала және аудан әкімдерінің де тікелей жауапты екенін атап өтті.

– Халықты сапалы байланыспен және интернетпен қамтамасыз ету мәселесі әрбір әкімге тікелей қатысты. Сондықтан, жұмыстарды белсенді түрде атқарыңыздар. Өз өңірлеріңізде байланыс инфрақұрылымын дамытумен, ұялы байланыс бағанасы құрылыстарды салу және жер учаскелері жөніндегі мәселелерді жедел шешіп, инвесторларды тартыңыздар, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, аймақ басшысы цифрлық технологиялар басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп, ұлттық жоба аясындағы жұмыстардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Даладағы еңбектің дара бағасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар еңбекерді мемлекеттік наградалармен марапаттады. Марапат иелерінің қатарында жерлесіміз «Қайнар» ЖШС директоры Сейітжапар Нығметов те бар. Оған «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік наградалар Астанада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің III форумында табысталды. Салтанатты жиында Президент ауыл шаруашылығы мамандарының еңбегіне жоғары баға беріп, олардың ел экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін айрықша атап өтті.

Биыл қолайсыз ауа райына қарамастан диқандар мол өнім жинап, ел қамбасына 24,5 миллион тонна ауыл шаруашылығы дақылын құйған.

Сейітжапар Нығметов – ауыл шаруашылығы саласындағы отыз жылдан астам еңбек еткен. Ол Нұра ауданындағы «Қайнар» шаруашылығын 30 жылдан бері басқарып келеді. Кәсіпорын дәнді дақыл өсірумен қатар, ет бағытындағы мал шаруашылығын дамытып отыр. Қазір шаруашылықта егістік алқаптарын суару жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл өндіріс көлемін арттырып, жерді тиімді пайдалануға жол ашады.

Шаруашылық өндірісті дамытумен қатар, ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да үлес қосып келеді. Кәсіпорынның қолдауымен 50 орындық шағын орталық пен мәдениет үйі жөнделген. Сонымен бірге, наубайхана мен мешіт салынған.

Сейітжапар Нығметов көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, ауыл шаруашылығына жасалып жатқан мемлекеттік қолдаудың маңызын атап өтті. Оның сөзінше, жаңа техника сатып алуға жұмсалған қаражаттың 25-30 пайызы субсидияланады. Минералды тыңайтқыштар бағасын төмендетуге де көмек көрсетіледі. Мұндай қолдау шаруашылықтардың жұмысын кеңейтіп, өндірісін дамытуға мүмкіндік беріп отыр.

Жалпы, Қарағанды облысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Өңір шаруашылықтары өндіріс көлемін ұлғайтып, техникаларын жаңартуға, егістік жерлерін кеңейтуге және мал басын көбейтуге басымдық беріп келеді.

Биыл он айда облыста өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 445 миллиард теңгеге жеткен. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешенде жалпы құны 51,5 миллиард теңгені құрайтын 40 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Жобалар толық іске қосылғанда 383 жаңа жұмыс орны ашылуы тиіс. Қазір оның 12-сі пайдалануға беріліп үлгерді. Құны 12,9 миллиард теңге болатын бұл жобалар аясында 177 адам жұмыспен қамтылған.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бала мүддесі бәрінен биік

Дүниежүзілік балалар күніне орай Қарағандыда бала құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған ашық кеңес беру кездесуі өтті. «Бала құқықтары – адам құқықтары, балалық шақты қорғау» тақырыбындағы жиынға ата-аналар, қала тұрғындары мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты – балалардың құқықтары бұзылған жағдайда ата-аналарға қайда және қалай жүгіну керектігін түсіндіріп, қажетті көмек көрсету жолдарын таныстыру.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«ТАИР» сауда орталығында ұйымдастырылған кездесуде тұрғындар бірнеше мемлекеттік мекеменің мамандарынан тікелей кеңес алды. Атап айтқанда, облыстық басқармалар, Қарағанды қаласы әкімдігі, қалалық білім бөлімі, полиция, аудандық прокуратуралар мен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия өкілдері қатысты. Психологиялық қолдау орталығы, Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығы және облыстық еңбек мобильділігі орталығының мамандары да тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

– Биыл 20 қараша – Дүниежүзілік балалар күніне орай ата-аналарға арналған консультация күнін ұйымдастырдық. Мақсатымыз – оларды толғандырған мәселелерді тыңдап, шешу жолдарын бірге қарастыру. Бес ай ішінде басқармаға 117 өтініш түсті. Олардың 80 пайызы отбасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Бүгін білім бөлімі, прокуратура, әлеуметтік қорғау органдары, Отбасын қолдау орталығы мен психологиялық қолдау орталығының мамандарын бір алаңға жинадық. Әр өтініш жеке қаралады. Қажет болған жағдайда арнайы комиссия құрылып, мәселені зерделеу үшін тиісті мамандар оқиға орнына да барады. Біз ведомствоаралық байланыс арқылы әр отбасыға көмек көрсетуге тырысамыз, – дейді облыстың балалар құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Баян Нұртаева.

Мамандар ата-аналарға баланың құқықтары бұзылған жағдайда әрекет ету тәртібін түсіндірді. Әсіресе, бала қорқытуға, зорлық-зомбылыққа немесе өзге де құқықбұзушылықтарға тап болған кезде тиісті органдарға жүгінудің маңыздылығы айтылды. Бұдан бөлек, тұрғындар әлеуметтік және психологиялық көмек алу жолдары, жасөспірімдердің еңбек құқықтары жөнінде сұрақтар қойып, жауап алды.

– Қазыбек би ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия айына екі рет отырыс өткізеді. Әр отырыста орта есеппен бес-алты материал қаралады. Комиссияға жүгінген азаматтарға қажетті түсіндірме беріліп, мәселелерін шешу жолдары ұсынылады. Балалар арасында құқықбұзушылық жағдайлары аз емес. Әрбір мәселені назарға алып, тиісті жұмыстар жүргізіп, ата-аналар мен білім беру ұйымдарына ұсыныстар береміз. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға әкімдіктің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында көмек көрсетіледі. Көмектің түрі отбасынан түскен өтініш пен қажеттілікке қарай айқындалады, – деді Қазыбек би ауданы әкімдігі аппаратының бас маманы, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы Дильназ Амантаева.

➤ 2-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 598.77 ●USD/KZT 455.00 ●RUB/KZT 5.56 ●CNY/KZT 68.12
Қазақстан Ұлттық Банкінің 23 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Экомәдениет жауапкершілік жүктейді

Экологиялық мәдениет қалыптастыру әр адамның қоршаған ортаға деген жауапкершілігінен басталады. Осы құндылықтарды жастар арасында кеңінен насихаттап, өңірдегі игі бастамаларды дәріптеу мақсатында «Таза Қазақстан – жарқын болашақ» облыстық жастар экологиялық форумы өтті. Экологиялық бастама аясында ұйымдастырылған форумға Қарағанды облысының қалалары мен аудандарынан студенттер, курсанттар, эковолонтерлер және өз аулаларын абаттандыруға үлес қосып жүрген тұрғындар қатысты.





Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумда облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қатысушыларға өңірді көркейтуге қосқан үлестері үшін алғыс айтып, қоршаған ортаға жанашырлық таныту әр азаматтың жауапкершілігі екенін атап өтті.

– Тазалық туралы сөз қозғағанда, Ұлы Дала мәдениетінен бастау алатын ар мен жан тазалығына жүгінеміз. Қазақ халқы арды әрқашан жаннан жоғары қойған. «Таза Қазақстан» бастамасының да түпкі мәні – осы жауапкершілікте. Қоршаған ортаның тазалығы адамның ішкі мәдениетін танытады. Биыл Қарағандыда аумағы 200 гектарды құрайтын жаңа экопарк ашылып, оның аумағына 5 мың ағаш отырғызылды. Бұл іске өңір тұрғындарымен қатар «Талдау мектебі» аналитикалық мектебінің екінші легінің қатысушылары да атсалысты. Жастар ағаш отырғызумен шектелмей, өңірдің 2040 жылға дейінгі жасыл қорын арттыруға бағытталған зерттеу жүргізіп, GreenLab платформасын әзірледі. Енді әр көшеттің жеке тіркеу нөмірі болады. Жоба авторлары ағаштарды бес жыл бойы бақылап, жасанды интеллект көмегімен оларды суару, емдеу және қоректендіру уақытын анықтауды көздеп отыр. Биыл он айда облыстағы экологиялық акцияларға 160 мың тұрғын қатысты. Дегенмен, басты міндет – адамдарды сенбілікке жұмылдыру ғана емес, тазалықты күнделікті өмір салтына айналдыру. Осы мақсатта алғаш рет «Үздік аула» және «Үздік кіреберіс» облыстық конкурстары ұйымдастырылды. Байқауға өңірдің 12 қаласы мен ауданынан 70-тен астам өтінім түсті. Бұл – өз ортасын жақсартуға бейжай қарамайтын тұрғындардың бар екенін көрсетеді, – деді Әлібек Үсенұлы.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес бүгінде облыстың әр тұрғынына 5,4 шаршы метр ағаш алқабы тиесілі. Өңірдің мақсаты – 2040 жылға қарай бұл межені 21,3 шаршы метрге жеткізу. Бұған әр азамат қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарағанда ғана қол жеткізуге болады. Жапония тәжірибесін де үлгі етуге болады. Онда оқушылар күн сайын өз сыныптарын өздері тазалайды. Мұндай еңбек балаларды тазалыққа ғана емес, ортақ мүлікке құрметпен қарауға тәрбиелейді. Экологиялық акцияларға 160 мың тұрғын қатысты. Басты міндет – адамдарды сенбілікке жұмылдыру ғана емес, тазалықты күнделікті өмір салтына айналдыру. Осы мақсатта алғаш рет «Үздік аула» және «Үздік кіреберіс» облыстық конкурстары ұйымдастырылды. Байқауға өңірдің 12 қаласы мен ауданынан 70-тен астам өтінім түсті.

– Бүгінгі форумның маңызы зор. Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасының өңірде осындай жалғасын тапқаны қуантады. Әсіресе, жастардың белсенділігіне ризамын. Жастар – біздің тірегіміз, келешегіміз. Әрқайсысы «менің шаңырағым, менің аулам, менің көшем, менің қалам» деп, туған жерінің көркеюіне үлес қосса, болашағымыз да жарқын болады. Қоршаған ортаға деген көзқарас адамның ішкі мәдениетінен басталады. Бауыржан Момышұлының «Қазақ халқының тәрбиесінің өзегі – ұят болады» деген сөзі бар. Өз ауламыз таза болмаса, соған ұяла білуіміз керек. Сондықтан әр азамат тазалықты өз үйінен бастауы қажет. Бүгінгі форумда жастардың қаланың тазалығы мен дамуына қатысты бастамаларын көріп қуандым. Аға буын өкілдері де осындай белсенді жастарды қолдап, ынталандыруы керек. Қаламыз – ортақ үйіміз, оның болашағы әрқайсымыздың жауапкершілігімізге байланысты, – деді мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов

Форумның маңызды бөлігі – экологиялық бастамаларға белсенді қатысып жүрген азаматтарды марапаттау рәсімі болды. «Үздік эковолонтер» номинациясы бойынша Жұлдызай Байдүйсен мен Вусал Мамедов жеңімпаз атанып, әрқайсысы 100 мың теңгелік сертификатқа ие болды. Марапаттарды Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Әйгерім Ісбекова мен Қарағанды облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабегенов табыстады. Ал, «Үздік экокоманда» номинациясында «Бізбен бірге бол» инклюзивті жасағы 150 мың теңгелік сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ, «Экодесант» және «Асар» командалары да жеңімпаздар қатарынан көрінді.

«Үздік кіреберіс» номинациясы бойынша жеңімпаздарды белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов пен Қарағанды облыстық тұрғын үй қорын басқару және қызмет көрсету компаниялары қауымдастығының атқарушы директоры Людмила Галюкевич марапаттады. Бірінші орынды Қарағанды қаласындағы Құрылысшылар даңғылы, 13-үйдің 4-кіреберісі иеленіп, 250 мың теңгелік сертификат алды. Екінші орын Балқаш қаласындағы 12-шағын аудан, 4-үй тұрғындарына бұйырып, 150 мың теңге табысталды. Үшінші орын Шахтинск қаласындағы Молодежная көшесі, 41-үй тұрғындарына беріліп, 100 мың теңгелік сертификат тапсырылды.

«Үздік аула» номинациясы бойынша жүлдегерлерді Қарағанды облысының Құрметті азаматтары Валерий Громов, Анатолий Степаненко және Мұқан Тұңғышбай марапаттады. Бірінші орын Шет ауданының Ақадыр кентіндегі 9-шағынаудан үйлерінің ауласына беріліп, 300 мың теңге табысталды. Екінші орынды Саран қаласындағы Чкалов көшесі, 23-үйдің ауласы иеленіп, 250 мың теңгелік сертификат алды. Үшінші орын Осакаров ауданының Пионерское ауылындағы Центральная көшесіндегі аулаға бұйырып, 200 мың теңге берілді. Төртінші орын Қарағанды қаласындағы Нұркен Әбдіров даңғылы, 44/1-үйдің ауласына беріліп, 150 мың теңгелік сертификат табысталды.

Бұдан бөлек, қазылар алқасының шешімімен тағайындалған ынталандыру сыйлықтары да өз иелерін тапты. Оларды Құдайберген Бексұлтанов табыстады. Атап айтқанда, Теміртау қаласындағы Бауыржан Момышұлы даңғылы, 23/3-үй мен Балқаш қаласындағы Сейфуллин көшесі, 10-үйдің тұрғындарына 50 мың теңгеден сертификат берілді.

Суреттер автордан

Бала мүддесі бәрінен биік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кездесуге келген азаматтардың арасында төтенше жағдай салдарынан қиындыққа тап болған отбасылар да бар. Солардың бірі қала тұрғыны Андрей Гутникевич.

– Үйімізде өрт шығып, баспананың жартысы жанып кетті. Өрт сөндірушілер келгенімен, шатырды бұзуға тура келді. Соның салдарынан үйіміз екі күн бойы ашық аспан астында тұрды. Қазір отбасымызбен үйде тұрмаймыз, шатырын өз күшімізбен, шамамыз келгенше қалпына келтіріп жатырмыз. Бүгінгі кездесудің өтетінін ұлым оқитын мектептің мұғалімі айтып, көмек сұрап көруге кеңес берді. Мамандар өтінішімді тыңдап, азық-түлік пен киім-кешек жағынан көмек көрсетуге уәде берді, – деді Андрей Гутникевич.

Бұл отбасының жағдайы кездесуде де назардан тыс қалмады. Қарағанды облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Ирина Киселева үш баланы тәрбиелеп отырған отбасыға ең қажетті әлеуметтік көмекті ұйымдастыру мәселесі қарастырылғанын атап өтті.

– 16 қарашада бір азаматтың үйі өртеніп кеткен. Ол үш баланы тәрбиелеп отыр. Ең бастысы, құжаттары аман, оларды қайта рәсімдеудің қажеті жоқ. Қазір отбасына әлеуметтік қолдау көрсету маңызды. Осы кездесуде отбасының алғашқы қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесін шештік. Біздің міндетіміз – азаматтарға қандай көмекті қайдан және қалай алуға болатынын түсіндіріп, бағыт-бағдар беру, – деді Ирина Киселева.

Балалардың құқығын қорғау бағытындағы жұмыстың маңызды бөлігі – әрбір өтінішті назардан тыс қалдырмау. Облыстық басқарма мамандарының мәліметінше, әрбір өтініш жеке қаралады. Қажет болған жағдайда мамандар мәселенің мән-жайын сол жерде зерделеп, тиісті қызметтерді тартады. Егер мәселені шешуге бірнеше мекеме қатысса, олардың жұмысы үйлестіріледі. Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы Президент тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық 20 өңірінде құрылған. Қазіргі уақытта Қарағанды облысындағы басқармада алты маман жұмыс істейді. Олар полиция, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының өкілдерімен бірлесіп, балалардың құқықтарын қорғау бағытында жұмыс жүргізеді.

Айта кетейік, Дүниежүзілік балалар күні жыл сайын 20 қарашада аталып өтеді. Бұл күннің тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1959 жылы Бала құқықтары декларациясын, ал 1989 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны қабылдауымен байланысты. Халықаралық құжатта әр баланың өмір сүру, білім алу, медициналық көмек алу, зорлық-зомбылықтан қорғалу және өз пікірін еркін білдіру құқықтары бекітілген.

Балалар құқығын қорғауда ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру да маңызды. Баланың қауіпсіз ортада өсуі, сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуы тек мемлекеттік органдардың ғана емес, ең алдымен, отбасының жауапкершілігіне байланысты. Осындай ашық кездесулер ата-аналарға өзекті мәселелер бойынша мамандармен тікелей байланыс орнатып, тығырықтан шығудың нақты жолдарын табуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, әр баланың мүддесі назардан тыс қалмай, оның құқығы мен қауіпсіздігі басты орында болуы тиіс.

ҚАРАҒАНДЫ

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Теміртауда – тың серпін

Теміртау қаласында бұқаралық спортты дамыту және халықты дене шынықтырумен тұрақты айналысуға тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Теміртау қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы Ақниет Балтабаев:

– Бізде 23 тәжірибелі нұсқаушы жүргізетін спорттық жаттығулар және сабақтармен 3 жастан 15 жасқа дейінгі 700 бала, сондай-ақ, орта және егде жастағы 100-ден астам тұрғын қамтылған. Олар фитнес, жауынгерлік самбо, дзюдо, қазақ күресі, бокс, киокушинкай-кан каратэ, шаңғы жарысы, тоғызқұмалақ, шахмат, асық ату, бес асық, футбол спорттары және белсенді ұзақ өмір сүру бойынша өткізіледі, – дейді.

2026 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Теміртау қаласында мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген спортты қолдау және дамыту жөніндегі іс-шаралар да іске асырылуда.

Жұмыс мына бес бағыт бойынша ұйымдастырылған: футбол, үстел теннисі, жеңіл атлетика, коньки мен роликті оқыту, иппотерапия.

Мұндағы негізгі мақсат – спортпен шұғылдану үшін қолжетімді жағдайлар жасау, денсаулықты нығайту және мүгедек адамдардың әлеуметтік интеграциясы.

Биыл Теміртау қаласында алғаш рет волейболдан облыстық спартакиада мен турнир өткізіліп, оған 12 команда қатысса, оның алтауы Қарағанды облысының қалалары мен алтауы аудандары атынан.

2026 жылдың 19 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында Нагояның Айчи қаласында (Жапония) XX Жазғы Азия ойындары өткені белгілі. Оған Теміртау қаласынан спорттың 8 түрінен 20 спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша теміртаулық спортшылар 8 медаль жеңіп алды: дзюдодан 1 күміс медаль, көркем жүзуден 6 қола медаль және байдарка мен каноэде есуден 1 қола медаль.

Теміртау спортшылары қаланы халықаралық спорт аренасында осылайша абыроймен таныстырды.

Биыл Теміртау қаласында республикалық деңгейдегі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылған.

Сонымен бірге, бір ай ішінде «Заң мен тәртіп» акциясы аясында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жаппай спорттық жаттығулар өткізіліпті.

Дзюдодан Қазақстан Республикасы құрамасының оқу-жаттығу жиындарына теміртаулық 700-ге жуық спортшы ұлдар мен қыздар қатысқан.

Қалада пауэрлифтинг, байдарка мен каноэде есу, академиялық есу бойынша жарыстар да өтіп, оған қатысушылардың жалпы саны шамамен 1 мың адамды құрады. 500-ден астам көрермен қатысқан кәсіби кикбоксинг жекпе-жегі де бар.

Айта кету керек, 2026 жылы Теміртау қаласында спорттық дәстүрлерді сақтауға және еңбек сіңірген жаттықтырушыларды еске алуға бағытталған кәсіби спорттық іс-шаралар мен еске алу турнирлері, 500-ден астам көрермен мен кикбоксинг әуесқойлары қатысқан кәсіби жекпе-жектер ұйымдастырылды.

Мәселен, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жасөркен Құрмашевті, КСРО мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Валерий Елисеевті еске алу турнирлері тамаша өтті.

Аталған іс-шараларды өткізу Теміртаудың спорттық дәстүрлерін дамытуға, спортты танымал етуге және спортшыларды тәрбиелеуге елеулі үлес қосқан көрнекті жаттықтырушылар туралы есте сақтауға ықпал етеді.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Қорыта келгенде, 2026 жылы Теміртау қаласында бұқаралық, бейімделгіш және кәсіби спортты дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Балаларды, жастарды, орта және үлкен жастағы тұрғындарды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды жүйелі дене шынықтыру сабақтарына тартуға ерекше назар аударылып отыр.

Қалалық спортшылар Теміртауды халықаралық жарыстарда лайықты түрде таныстырып, XX Жазғы Азия ойындарының 8 медалін жеңіп алды.

Республикалық чемпионаттарды, оқу-жаттығу жиындарын, бұқаралық спорттық іс-шаралар мен еске алу турнирлерін өткізу қаланың спорттық әлеуетін нығайтуға және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді.

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Үздіктер іріктелді

Қарағанды облысында білім мен ғылымда, спорт пен шығармашылықта, қоғамдық өмірде дараланған жастар анықталды. «Қарағанды облысының үздік студенті – 2026» байқауына биыл 124 үміткер қатысып, жеті номинация бойынша үздіктер іріктелді. Бас марапат Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің төртінші курс студенті Самат Әсенбаевқа бұйырды. Ал, өзге жеңімпаздарға 250 мыңнан 400 мың теңгеге дейін ақшалай сыйақы мен сертификаттар табысталды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

«Тау-кен ісі» мамандығында білім алып жүрген Самат Әсенбаев – Президенттік стипендия иегері. Ғылыми ізденістермен қатар, университеттің қоғамдық өміріне де белсене араласады. Биылғы байқауда ол «Жылдың үздік студенті» атағын жеңіп алды.

– Еңбегімнің жоғары бағаланғанына шын жүректен қуаныштымын. Бұл – менің ғана емес, тұтас университеттің ортақ жеңісі. Оның артында тынымсыз еңбек пен табандылық жатыр. Алдағы уақытта тау-кен өндірісі саласында бұдан да үлкен жетістіктерге жетуді мақсат етіп отырмын, – дейді Самат.

«Үздік спортшы» номинациясында Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенті Аида Тойшыбекова топ жарды. Он жылдан астам дзюдо және самбомен шұғылданатын спортшының биылғы басты жетістіктерінің бірі – XX жазғы Азия ойындарында дзюдодан аралас командалық сайыста күміс медаль иеленуі.

– Дзюдо өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл – жай ғана спорт емес, күн сайын өзіңді жетілдіріп, шеберлігіңді шыңдауды талап ететін үлкен еңбек, – дейді Аида.

Шығармашылық бағытта Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенті Айшабибі Қырықбаева үздік атанды. «Сот және құқық қорғау қызметі» мамандығында білім алатын бойжеткен биыл «Мисс Қарағанды – 2026» атағын иеленген. Ендігі мақсаты – «Мисс Қазақстан – 2026» ұлттық байқауында өңір намысын қорғау.

– «Жылдың үздік шығармашыл студенті» атануым мақсатқа жетудің басты шарты табандылық пен еңбек екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Мұндай байқаулар жаңа жетістіктерге ұмтылуға шабыт береді. Ал, марапатты өзім білім алып жатқан университетте иелену мен үшін екі есе қуаныш, – дейді Айшабибі.

Ғылым мен зияткерлік бағытта да үздіктер анықталды. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Жәдігер Садық «Жылдың үздік жас ғалымы» атанса, «Үздік зияткер» номинациясында Bolashaq академиясының студенті Жансұлу Дәулетханқызы жеңімпаз деп танылды.

Байқауда жекелеген студенттердің ғана емес, жастар ұйымдарының да жетістіктері бағаланды. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Жарқын» халық би ансамблі «Жылдың үздік студенттік клубы» атанды. Ал, «Жылдың үздік волонтерлік клубы» номинациясында П.Поспелов атындағы Қарағанды медицина университетінің Next Generation ұйымы жеңіске жетті.

2026-2031 жылдарға арналған Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына «ӘДІЛЕТ» партиясынан кандидат БАҚЫТ НҰРҒАЛИҚЫЗЫ КӨШЕРОВАНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

№5 бірмандаттық сайлау округі



Құрметті сайлаушылар!

Мен, Бақыт Нұрғалиқызы Көшерова, Солтүстік Қазақстан облысының Бидайық ауылында дүниеге келдім. Білімім – жоғары медициналық, ересек, балалар инфекционист дәрігері. 30 жылдан астам уақыт бойы медициналық білім беру, дәрігерлерді даярлау, медициналық көмек көрсету, студенттердің әлеуметтік мәселелерімен айналысып келемін. Мен инфекциялық аурулар бойынша, оның ішінде Covid-19 бойынша клиникалық хаттамаларды әзірлеушілер тобының жетекшісі болып табыламын, пандемия кезінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс атқардым. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қазіргі бас инфекционисі, ҚР ДСМ жанындағы Медициналық қызмет сапасы комитетінің басшысы ретінде барлық клиникалық хаттамаларды қарап, бекітуді ұсынамын, жетім балалар ауруларының проблемасына көп көңіл бөлемін. Қазіргі уақытта ірі медициналық университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры ретінде медицина кадрларын даярлау сапасын, дәрігерлердің біліктілігін арттыру мәселелерін шешіп келемін.

Мен үшін депутаттың жұмысы – бұл ең алдымен адамдар алдындағы жауапкершілік. Әр тұрғынды есту, өтініштерді назардан тыс қалдырмау және жүйелі түрде оң өзгерістерге қол жеткізу маңызды.

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Әлихан Бөкейхан ауданы – жеке сектор мен көппәтерлі үйлердің тұрғындары бар маңызды өңір. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және медицина мамандарын тарту жөніндегі бастамаларды қолдауға ықпал етемін

2. АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БАЛАБАҚШАЛАР МЕН МЕКТЕПТЕР

Мектептер мен балабақшаладағы жағдайды жақсарту, балалар және спорт алаңдарын дамыту мәселелерін көтеремін әсіресе мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін дамыту тәсілдеріне бірінші кезекте назар аудару.

3. ЖОЛДАР, КӨЛІК ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ

Жолдарды жөндеу, қоғамдық көлікті дамыту және аулаларды абаттандыру мәселелерін шешуге ұмтыламын.

4. СУ, ЖАРЫҚ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Сұрыптау және Пришахтинск бағытындағы сумен жабдықтау (№6 су құбырының жай-күйі), жылу және инженерлік желілерді жаңғырту, үздіксіз электрмен жабдықтау, «Соединительная» жылу магистралін қайта жаңарту мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

5. ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ БІРЫҢҒАЙ ЖӘНЕ ӘДІЛ КӨЗҚАРАС

Әлеуметтік қызметтің қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесемін және округтің тазалығы мен абаттандыру жөніндегі бастамаларды қолдаймын.

6. ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Мобильдік байланысты жақсартуға және кең жолақты интернетті енгізуге, мектеп оқушыларын цифрлық платформалар арқылы AI қолдану дағдыларына оқытуға қол жеткізу.

7. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың «Саламатты шаңырақ» ұлттық бағдарламасын іске асыруды қолдау, аурулардың алдын алудың маңыздылығын түсіндіру: скрининг, алдын ала тексеру, дұрыс тамақтану

8. ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

Жастардың шығармашылық әлеуетін іске асыруды, «Адал азамат» қағидаттарын дамытуды қолдау – әділеттілік, адалдық, еңбекқорлық, пассионарлық, патриоттық, толеранттылық және жаңа идеялар үшін ашықтық. «Оқитын ұлт» оқу мәдениетін дамытудың жалпыұлттық бағдарламасын жандандыру.

Қамқорлық – істе, әділдік – әр шешімде!

Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті қаражаты есебінен төленді

Шахтинскінің шырайы кіреді

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков биыл осымен екінші рет қала халқымен кездесуін өткізіп, оған шахтинскіліктер мен қалаға іргелес елдімекендердің тұрғындары, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық қызметтердің басшылары, қалалық Қоғамдық кеңестің мүшелері қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуде қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков 2026 жылдың 10 айында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша атқарылған жұмыстар мен 2027 жылға арналған жоспарлар туралы баяндама жасап, олар қалалық Мәдениет үйінің сахнасындағы экраннан слайдтар арқылы көрсетіліп тұрды.

Баяндамада айтылғандай, 2026 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша өнеркәсіп көлемі 45,4 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 17,9 %-ға өскен (НКИ -117,9%).

Бөлшек тауар айналымының көлемі 17,3 млрд теңге болып, нақты көлем индексі – 100%.

Тұрғын үйді пайдалануға беру 8 есеге ұлғайып, 11,3 мың шаршы метрді құрады.

Сонымен қатар, бірқатар бағыттар бойынша көрсеткіштердің төмендегенін атап өтті қала әкімі.

Атап айтқанда, негізгі капиталға 58,2 млрд теңге сомасына инвестиция салынып, нақты көлем индексі 66,9%-тен 33,1%-ке төмендеген. Сондай-ақ, құрылыс жұмыстарының көлемі 10,9 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі - 87,2 пайыздан 12,8 пайызға, ал, ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 6 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 98,2 пайыздан 1,8 пайызға кеміген.

Сонымен қатар, инвестиция көлемі бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізбеу қаупі сақталып отыр. Бұл, ең алдымен, өткен жылы инвестиция көлемінің айтарлықтай жоғары болуымен түсіндіріледі.

Бұдан әрі қалада қысқы жылыту маусымының өтуіне тоқталған Мұрат Есетұлы:

– Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту Мемлекет басшысы белгілеген басымдықтардың бірі болып табылады. Біздің қаламыз үшін бұл бәрінен бұрын сенімді жылумен жабдықтау және жылу тораптарын жаңғырту болып тұр. Шахтинскіде биылғы 1 қазанда басталған жылыту маусымы қалыпты жағдайда өтуде, – деді.

Осы маусымға дайындық барысында Шахтинск Жылу-энергия орталығы мен Шахан кентінің қазандығы қажетті 138800 тонна отын қорымен қамтамасыз етіліп, жоспарланған жөндеу жұмыстары толығымен орындалған.

Мәселен, биылдың өзінде 8,9 шақырым жылу тораптары ауыстырылып, 2026-2029 жылдарға арналған «Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту» Ұлттық жобасының аясында Молодежная көшесінің 4,8 шақырым жылу жүйелерін жаңғырту қолға алынып, биыл соның 2,5 шақырымы жаңадан төселген. Оны 2027 жылы аяқтау көзделуде.

Қаланы сапалы ауыз сумен жабдықтап, оның жоғалуын азайту бағытында ұзақ мерзімді жоспарлар жасалып, биыл оның 40 шақырымнан астам жүйелерін жаңғырту жобасының үшінші кезеңі аяқталмақ.

Бүгінде қалада су құбырларын тарту мен құдықтар орнату жұмыстары 100 пайыз тәмамдалған. Енді Новодолинка кентінің тұрғындарын да сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 50,3 шақырым су тораптары жүйесі құрылысының жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар 2025 жылы басталып, соның 11,6 шақырымы төселсе, оны 2027-2028 жылдары бітіру белгіленген. Қазірде аталған жоба құжаттамасының графикалық бөлігі түзету мен сараптамадан өтіп, оның қорытындысы жуырда алынған көрінеді.

Шахтинск қаласы аумағына кіретін Северо-Западный кентінде де ұзындығы 5,3 км су тораптары жүйесінің де құрылысы толық аяқталған екен. Енді оны пайдалануға берудің құжаттары даярлануда.

Барлығы 2023 жылдан бері 100 шақырымнан аса су тораптарының жүйесі ауыстырылып, төселген. Олардың апаттылығы мен су жоғалтуын азайту мақсатында су келетін



жүйелер төселіп, оларға жекеменшік сектордың мыңға тарта, 99 көпқабатты үйлердің абоненттері мен әлеуметтік саланың 30 және бизнестің барлық нысандары қосылған.

Соңғы 4 жылда жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Шахтинск қаласы су тораптары жүйесінің тозуы 50 пайызға азайған.

Әрі қаладағы кәріз жүйелері 86 және тазарту құрылғылары 84 пайыз тозғандықтан олардың құрылысы мен жаңғыртылуы да жүргізілуде. Осы мәселені шешу үшін «Шахтинск қаласындағы кәріз коллекторларының құрылысы» жобасын жүзеге асыру басталып, қазірге дейін соның 10,5 шақырымының 1 шақырымы төселіпті.

Ағымдағы жылы үй кезегінде тұрғандарды пәтермен қамтамасыз ету жалғастырылып, оған мұқтаж 1520 азамат болса, соның 318-і әлеуметтік осал топқа жатады. Міне, биыл солардың 195-не баспана беру жоспарланып, кешегі күнге дейін Шахан кентіндегі жалдамалы 25 пәтердің 23-і осы адамдарға бөлінсе, жеке инвестордың қаржысы есебінен салынып, Отбасы банк арқылы несиеге сатылатын Карл Маркс көшесіндегі көпқабатты үйдегі 60 пәтер мен Молодежный көшесіндегі үйдің 110 пәтері де өз иелерін тапты.

Және де жеке инвестициялар есебінен Шахан кентіндегі 30 пәтерлі үйдің екі кіреберіс аузы да жаңғыртылып, тағы да Карл Маркс көшесінде 170 пәтерлік үйдің құрылысы жүріп жатыр.

2023 жылдан бері қаланы газдандыруға бөлінген 13,3 миллиард теңгенің 8 миллиард теңгесі игеріліп, оны келесі жылы толық аяқтау үшін 5,3 миллиард теңге қажет болады.

Ұзындығы 233,3 шақырым газ тарату тораптарының құрылысы үш іске қосу кешеніне бөлінсе, соның алғашқы 45,3 шақырымы толық төселіп бітсе, биыл екінші 67,9 шақырымын төсеп, ал, үшінші 120,1 шақырымын 2027 жылы аяқтау міндеті тұр.

Биыл қалалық жолдардың 3,4 шақырымына орташа жөндеу жасалып, Шахан кентіндегі Кондрашин көшесінің жолы жөнделіп, қалалық емхана жанындағы автотұрақ аумағы 50 метрден 100 метрге дейін ұлғайтылды.

Бұдан кейін Мұрат Қыдырғанбеков қалада «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде балалардың 7 ойын алаңы жасалып, Новодолинка мен Долинка кенттерінің 12 балалар алаңы, соңғы 4 жылда 19 футбол алаңының 14-і жөнделгенін айтты. Сондай-ақ, 6 мың шаршы метр жаяу жүргіншілер жолы реттеліп, көшелерде 3494 жарық шамдары мен 494 бағаналары орнатылыпты. Сөйтіп, қала мен оған іргелес кенттердің негізгі учаскелерінің бәрі жарықтандырылыпты. Бейнебақылау камераларының саны 581-ге дейін ұлғайтылып, соның 56-ы тұрмыстық қалдықтарды жинау алаңдарына орнатылған. Тек 2026 жылы ғана осы камералардың көмегімен 945 құқықбұзушылық анықталған. Бұл 2025 жылға қарағанда он есе көп.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында биылғы сәуір айынан бастап, еңбек ұжымдарының, еріктілер мен тұрғындардың өткізілген сенбіліктерге 30 бірлік техника жұмылдырылып, тазартылған 280 гектар аумақтан 87 мың тоннаға жуық қоқыс сыртқа шығарылды. Санитарлық тазалыққа байланысты қаланың полиция органдары жыл басынан бері 148 рейд өткізу барысында 959 ұйғарым мен ескерту хаттап, халықпен 57 жиын өткізіп, 3 миллион теңгенің айыппұлын салған. Мұның бәрі экологиялық жағдайдың жақсаруы мен шаһардың шырайлануына тікелей ықпал етеді.

Келесі кезекте әлеуметтік сала қозғалып, жаңа оқу жылы алдында қалада 22 білім беру нысаны жөндеуден өтіп, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен толық қамтылғаны, 12 мектепке интерактивті панель сатып алынып, 11 мектепте коворкинг орталығы ашылғаны айтылып, оның балаларды заманауи оқытып, тәрбиелеуге серпін беретіні мәлім етілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Медицина саласындағы кадр тапшылығын азайту мақсатында соңғы 3 жылда қаланың емдеу мекемелеріне 133 медицина қызметкері тартылып, биыл тағы 33 маман жұмысқа қабылданған. Қалалық емхана күрделі жөндеуден өтіп, ал, аурухана ғимаратын жөндеу жалғасуда.

Жұмыссыздықты азайту мақсатында биылғы 1 қарашаға дейін 981 адам, соның ішінде, 611 адам тұрақты жұмысқа тұрған. Жаз мезгілінде 250 жас «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмысқа тартылды.

Қаланың мүгедек жандарына техникалық құралдар сатып алуға бюджеттен 498,9 миллион теңге бөлініп, қажетті көмекті 1594 тұрғын алды. Инватакси қызметін мүмкіндігі шектеулі 254 адам пайдаланады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру барысында жыл соңына дейін анкер бекітпелерін өндіру бойынша «Енгізу» ЖШС жобасы пайдалануға берілсе, жалпы құны 76 миллиард теңге болатын, 900-ден астам жұмыс орнын құратын 4 жоба бар. Сондай-ақ, жастар кәсіпкерлігін қолдау үшін 16 миллион теңгеге қала әкімінің 8 гранты берілген. Шағын бизнес саласындағы ең ірі жоба жалпы ауданы 6 мың шаршы метрді құрайтын «REAL» демалыс және ойын-сауықтық ұйымдастыру бойынша көпфункционалды кешен салу болып табылады. Оны 2026-2028 жылдар аралығында іске асыру 200-ден аса жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік бермек.

ШАХТИНСК

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

После смерти Мусаева Марата Абышовича наследодателя, умершего 29.05.2026 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Мухамедиевой Сандугаш Кайыровне, город Караганда, м-н Орбита-1, 12/4 БЦ, кабинет 415. тел: 8-701-255-72-95.

№406

Қыран құс не алмайды, салса баптап...

Қазақ даласында қыран баптап, саят құру өнері қашан да айрықша құрметке ие болған. Атадан балаға аманат болып жеткен көне дәстүр уақыт өткен сайын түрленіп, жаңаша сипат алып келеді. Бүгінде ұлттық мұраны ұлықтап, құсбегілік өнердің қадірін кейінгі ұрпаққа таныту мақсатында еліміздің әр өңірінде түрлі жарыстар ұйымдастырылып келеді. Соның бірі күні кеше Шет ауданының Кеңшоқы ауылында өткен «Салбұрын – 2026». Аталған додаға еліміздің түпкір-түпкірінен 70 құсбегі жиналып, құс баптаудағы тәжірибесі мен шеберлігін сынға салды. Нәтижесінде, өңір намысын қорғаған саятшылар бір күміс және үш қола жүлде еншілеп, жерлестердің мерейін үстем етті. Ал, чемпионаттың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қатысып, саятшыларға ақжарма тілегін білдірді. Әрі ата-бабадан жеткен асыл мұраны сақтап, оны бүгінгі заманмен сабақтастыра дәріптеудің маңызын атап өтті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саятшылық өнердің салтанат құрған күні Кеңшоқыда киіз үй тігіліп, ұлттық нақыштағы көрме көпшілік назарына ұсынылды. Кәсіпкерлер алаңында жергілікті өндірушілер мен қолөнер шеберлері өз өнімдерін таныстырды. Келген қонақтарға қазақтың ұлттық тағамдары тарту етті. Кеңшоқы төрінде дәстүрлі өнер дәріптеліп, халқымыздың бай мәдени мұрасы мен қазақы болмысы кеңінен насихатталды. Шара барысында Әлібек Үсенұлы сөз алып, азамат ата-баба мұрасын дәріптеудің маңызына тоқталды. Саятшылық өнердің, тазы баптау мен жылқы өсіру дәстүрінің халқымыз үшін айрықша құндылық екенін атап өтті.

– Ата-бабамыз рухани және материалдық құндылықтарды ұлттың асыл қазынасы санаған. Солардың ішінде қыран құс, тазы мен жылқының орны ерекше. Бүгін осы асыл мұраларымыздың қадір-қасиетін танытып, баптау мен күтудің қыр-сырын меңгерген шеберлердің өнеріне куә болып отырмыз. Қанжығаларыңыз майлана берсін! Құсбегілердің араларында осыдан бірер апта бұрын Абай облысында өткен республикалық турнирде 70-тен астам құсбегінің ішінде топ жарып, жүлделі орынмен оралған қатысушыларымыз да бар. Бүркітін қиядан ұшырып, ителгісін құсқа салған саятшылардың өнерін тамашалап тұрып, қиын-қыстау заманда бүкіл ауылды асыраған жалғыз аңшы туралы аңыз есіме түсті. Халқымыздың аңшыларды айрықша құрметтейтіні де – содан. Ел аузында кең тараған аңызды бүгін «Салбұрынға» келген ақсақалдардан тағы бір мәрте естіп, аңшылық өнердің ерлікпен, елдікпен сабақтасқанына көзіміз жетті, – деді Әлібек Үсенұлы.

Чемпионат үш санат бойынша, яғни, бүркіт, ителгі және қаршыға арасында өтті. Әр бағытта қыран құстардың қырағылығы мен шапшаңдығы, құсбегілердің баптау шеберлігі сынға түсті. Бәсеке барысында құстардың табиғи қабілеті мен бабына келтіру өнері де қатар бағаланды. Бүркітшілер бәсекесіне сегіз қыран қатысып, құсбегілер үш кезең бойынша өзара мықтыны анықтаған. Алғашқы кезеңде бүркіттер 500 метр қашықтықтан қолға шақырылса, екінші кезеңде 500 метр жерден шырғаға салынды. Ал, шешуші сында қырандар қоянға түсіп, бабын да, бапкерінің шеберлігін де көрсетті.

Бұл сында өңір намысын қорғаған Қарқаралы ауданына қарасты Бақты ауылының құсбегісі Ерік Бақтығалидың үш жасар «Алабас» бүркіті жүлделі III орынға ие болды. Құсбегінің бүркіт баптау өнерімен айналысқанына небәрі үш жыл ғана болған. Осы уақытқа дейін қаншама жарысқа қатысқанымен, бүркітімен жүлдегерлер қатарынан көрінбеген еді. Шет өңірінде өткен осы турнирде «Алабас» үздік үштіктен көрініп, иесін бір қуантып тастады.

– Қолымда әзірге осы бір ғана бүркітім бар. Бұған дейін бүркітпен жүлделі орынға ие болмаған едім. Дегенмен, былтыр дәл осы жерде өткен чемпионатта қаршығаммен I орын алғанмын. Әрі былтыр Алматыда ұйымдастырылған «Ақбидай» ойындарында сол қаршығаммен II орын иелендім. Бұл жолы бүркітім барын салды. Қазір бабында. Осындай үлкен бәсекеде жүлде алып, мерейімді өсірген қыраныма ризамын. Алда әлі талай жарыс бар. Солардың да биігінен көрінеміз деген үмітім зор, – деді Ерік Мейрамбекұлы.



Бүркітін қиядан ұшырып, ителгісін құсқа салған саятшылардың өнерін тамашалап тұрып, қиын-қыстау заманда бүкіл ауылды асыраған жалғыз аңшы туралы аңыз есіме түсті. Халқымыздың аңшыларды айрықша құрметтейтіні де – содан. Ел аузында кең тараған аңызды бүгін «Салбұрынға» келген ақсақалдардан тағы бір мәрте естіп, аңшылық өнердің ерлікпен, елдікпен сабақтасқанына көзіміз жетті

Бүркіт сайысында Жамбыл облысының құсбегісі Серікболсын Жалғасұлының қыраны топ жарса, елордалық Ерасыл Серікбекұлы II орынға тұрақтады.

Ителгі бәсекесіне тоғыз құсбегі өтінім беріп, өзара мықтыны анықтады. Бұл санаттағы сайыс та үш кезеңнен өткен. Алдымен ителгілер 250 метр қашықтықтан қолға шақырылса, кейін далбайға және қоянға салынды. Әр кезеңде құстардың шапшаңдығы, шабуылдау шеберлігі мен бабына келу деңгейі жеке бағаланған. Нәтижесінде, Бұқар жырау ауданына қарасты Доскей ауылының құсбегісі Темірәлі Төлегенұлының «Жұлдыз» атты ителгісі жүлделі II орынға ие болды. Айта кетейік, бұл қыран бұған дейін де өңір намысын абыроймен қорғаған. Атап айтсақ, «Абай Салбұрыны – 2026» республикалық чемпионатында да II орыннан көрінген. Бұл жолы да үздіктер қатарынан табылып, тұрақты бабын тағы бір мәрте дәлелдеді.

– Бізге ұпай саны аздап жетпей қалды. Екінші кезеңде далбайға салғанда «Жұлдыз» үш минут ішінде 40-тан астам шабуыл жасады. Ал, I орын алған құстың шабуылы 50-ден асты. Сондықтан, ұпай айырмашылығымен II орынға тұрақтадық. Абайда өткен чемпионатта да чемпиондыққа бір табан жақын болғанбыз. Десе де, ителгім биыл бабында. Алдағы жарыстарда бұдан да жақсы нәтиже көрсетеді деп сенемін, – деді Темірәлі Төлегенұлы.

Дәл осы аталымда өңір намысын қорғаған Шет ауданының құсбегісі Тұрсын Жағыппаровтың «Самал» атты ителгісі қола жүлдеге қол жеткізді. Үш жасар құс жарыс барысында жақсы қырынан танылып, далбай мен қоянға түсу кезеңдерінде де шеберлігін көрсеткен. Десе де, жалпы қорытынды бойынша ұпай санымен үздік үштіктің қатарынан көрінді. Бұған дейін «Самал» бірнеше турнирде бақ сынағанымен, жүлдегерлер қатарынан көріне қоймаған еді. Бұл жолы үш жасар ителгі алғаш рет жүлделі орынға табан тіреп, иесінің де мерейін үстем етті. Сонымен қатар, Тұрсын Жағыппаров «Абай салбұрыны – 2026» турнирине өзінің «Аңыз» атты бүркітімен де қатысқан. Алайда, ол турнирде жүлдегерлер қатарынан көріне алмады.





МӘДЕНИ МҰРА

Ителгі бәсекесінде Астана қаласының өкілі Ерлан Кенжетаев үздік атанды. Жүлделі II орын Бұқар жырау ауданының құсбегісі Темірәлі Төлегенұлына бұйырса, III орынды Шет ауданының өкілі Тұрсын Жағыппаров иеленді.

Қаршыға сайысына 12 құс тіркеліп, қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынады. Алдымен қаршығалар 250 метр қашықтықтан қолға шақырылса, кейін кептер мен қоянға салынды. Бұл санатта Шет ауданына қарасты Өспен ауылының құсбегісі Серік Кәріпов жүлделі III орынға ие болды. Оның құсбегілік өнермен айналысып жүргеніне үш жылдан асқан. Үш жастағы «Кербез» атты қаршығасын балапан кезінен өзі баптап, түлеткен. Осы уақыт ішінде түрлі жарыстарға қосып, тәжірибесін шыңдап келеді. Айта кетейік, «Кербез» бұған дейін Абайда өткен республикалық турнирде де III орын иеленген. Ал, былтыр Шет ауданында ұйымдастырылған чемпионаттан да жүлдемен оралған.

– Жалпы, чемпионаттың алғашқы екі кезеңінің қорытындысы бойынша I орында келе жаттым. Ұпайымыз өзгелерден жоғары еді. Алайда, шешуші үшінші кезеңде сәттілік серік болмады. Қаршығам қоянға қарай ұшқанымен, оған түспей, басқа бағытқа бұрылып кетті. Негізі, дәл осы жаттығуда Алматыда өткен чемпионатта жақсы нәтиже көрсетіп, жоғары ұпай жинаған еді. Бұл жолы кеткен кемшілік өзімнен болды. Құсбегілікте жарыс алдында құстың жемін реттеп, бабына келтіру маңызды. Ал, бұл жолы жарысқа бір күн қалғанда қаршығама жем беріп қойдым. Қарны тоқ болғандықтан, қоянға түспеді. Егер осы кезеңді сәтті орындағанда, I орынға таласуға мүмкіндік бар еді. Десе де, «Кербез» бұл жолы да олжасыз қалған жоқ. Алда Алматыда үлкен чемпионат өтеді. Енді соған дайындаламыз, – деді Серік Нұрабайұлы.

Қаршыға санатында Алматы қаласының құсбегісі Ермұхан Баятбайдың құсы дараланса, II орын жамбылдық Серікболсын Жалғасұлының құсына бұйырды.

Осылайша, ұлттық саятшылық өнердің мерейін асырған чемпионат тартысқа толы бәсекесімен есте қалды. Дала дәстүрін дәріптеген дүбірлі додада құсбегілер өзара тәжірибе алмасып, бап пен бабын келтірген құстарының қарымын да сынға салды. Ең бастысы, осындай тағылымды шаралар арқылы ата-бабадан аманат болған асыл өнердің абыройы асқақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғаудың маңызы айқындала түсті.

Суреттер жүлдегерлердің жеке мұрағатынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№130 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**